







1. Жалпы функциялар

Қосу	«Токтатып қою/ойнату» түймесін көк және қызыл диод алма-кезек жыпылықтағанша басып тұрыңыз.
Байланыстыру	Қосылғаннан кейін динамик автоматты күйге өтеді; динамик құрылғыға бұрын жалғанған болса, ол алдыңғы құрылғыға автоматты түрде жалғанады, әйтпесе байланыстыру режиміне өтеді.
Өшіру	Құрылғы қосылып тұрғанда «Токтатып қою/ойнату» түймесін қызыл диод бір рет жыпылықтағанша басып тұрыңыз, сол кезде динамик өшеді.
Автоматты түрде өшу	Байланыстыру режимінде өнім құрылғыға жалғанып тұрмаса, 5 минуттан кейін автоматты түрде өшеді.
Зарядтау	Зарядтағышты құрылғының ұясына жалғаңыз. (Қызыл диод жанады.)
Қоңырауға жауап беру	Кіріс қоңырауын қабылдау үшін, «Токтатып қою/ойнату» түймесін басып қалыңыз.
Қоңырауды аяқтау	Қоңырауды аяқтау үшін, «Токтатып қою/ойнату» түймесін басып қалыңыз.
Екінші қоңырау	Екінші қоңырау түссе, оған жауап беру үшін «Токтатып қою/ойнату» түймесін басыңыз, қабылдамау үшін «Токтатып қою/ойнату» түймесін басып тұрыңыз; одан кейін екі қоңырау арасында ауысу үшін «Токтатып қою/ойнату» түймесін басып тұрыңыз; ағымдағы қоңырауды аяқтау үшін «Токтатып қою/ойнату» түймесін басып қалыңыз.
Қоңырауды қабылдамау	Кіріс қоңырауын қабылдамау үшін, «Токтатып қою/ойнату» түймесін басып тұрыңыз.
Дыбыс деңгейін көтеру	Дыбыс деңгейін көтеру үшін, «  » түймесін басып қалыңыз.
Дыбыс деңгейін азайту	Дыбыс деңгейін азайту үшін, «  » түймесін басып қалыңыз.

Келесі	Келесі әуенге өту үшін, «  » түймесін басып қалыңыз.
Алдыңғы	Алдыңғы әуенге өту үшін, «  » түймесін басып қалыңыз.
Ойнату/тоқтатып қою	Өнім жалғанған кезде музыканы ойнату/тоқтатып қою үшін, «Тоқтатып қою/ойнату» түймесін басып қалыңыз.
Зауыттық күйге келтіру	Байланыстырылған құрылғылар тізімін ысыру және тазалау үшін, байланыстыру режимінде «  » + «  » түймелерін басып тұрыңыз.

2. Телефонға немесе ойын-сауық құрылғысына байланыстыру:

- Телефонды қосып, Bluetooth функциясы қосылғанына көз жеткізіңіз.
- Bluetooth динамикін қосып, байланыстыру режиміне өтіңіз.
- Телефонның нұсқауларын орындап, телефонда Bluetooth құрылғыларын іздеңіз. Қосымша ақпарат алу үшін, телефонның пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз.
- Бірнеше секундтан кейін телефон құрылғыны “табылған құрылғы” ретінде көрсетеді.
- Оны таңдап, байланыстыру үшін телефонның нұсқауларын орындаңыз.
- Телефон байланыстыру жасалғанын растайды, одан кейін Иә/ОК түймесін басыңыз.
- Одан кейін телефондағы “құрылғыны жалғау” деген пәрменді таңдаңыз.

3. Линиялық кіріс

SP-920BT/SP-925BT динамиктері қосылып тұрғанда, Сіз музыканы тыңдау үшін 3,5 мм жалғағышын пайдалана аласыз, Bluetooth атқарымы AUX-IN тәртібіне ауысады